

**Қ.М. Шекербеков** \*1

<sup>1</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің докторанты, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы.

E-mail: [kuandykbashar@gmail.com](mailto:kuandykbashar@gmail.com)

## ШЫМКЕНТ ПЕДТЕХНИКУМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада Кеңестік Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдардағы педагогикалық кадрларды даярлау және ұлттық мектептердің қалыптасуы мен дамуының күрделі және қарама-қайшы жағдайларына талдау жасалынады. Сондай-ақ Шымкент қаласында кеңестік білім беружүйесінің дамып, «ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау» мәселесінде өзіндік мол үлес қосқан Шымкент педтехникумының қалыптасу тарихы мен оқыту үдерісі, даму ерекшеліктері мейлінше зерделенеді.

Ұлттық мектептерді ұйымдастыру мен оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізудегі жалпы қиындықтар оқушыларға өз ана тілінде білім беруде оқу-әдістемелік кешенінің нашарлығы мен аз қамтамасыз етілуі және оқу-материалдық базасының аздығы мен ұлттық педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі болды.

Мақалада авторлар Қазақстанда кеңес өкіметі орнатылғаннан кейінгі жылдардағы Түркістан АКСР-гі ұлттық оқу орындарының ашылуы мен қалыптасуындағы кеңестік білім берудің ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсетеді.

Зерттеушілер Түркістан облысы мемлекеттік архивінің материалдарына сүйене отырып, Шымкенттегі оқу-ағарту ісінің дамуына, оның білім беру жүйесі мен оқыту тәжірибелеріне талдау жасап, педтехникумда қызмет еткен Жүсіпбек Аймауытұлы, Сейілбек Үсенов сынды ұлттың тұғырлы тұлғаларының тағдырына, олардың педагогикалық пайымдарына, сүбелі еңбектеріне де біршама тоқталып зерттейді және мұрағат қорларында сақталған өңіріміздегі сол кезеңдегі білім беру мекемелері жайында мәліметтер береді.

Сонымен қатар 1920-1930 жылдардағы ұлттық мектептер проблемасы мен оны шешу жолындағы ұлт зиялыларының еңбектері және Шымкент қаласы педтехникумы тұрғысындағы сол кезеңдегі беделді мерзімді басылым – «Ақ жол» газеті материалдарынан да осы оқу орындарының басшылары, белді мұғалімдері туралы мұрағат құжаттарын маңызды дерек көзі ретінде пайдаланады.

**Кілт сөздер:** Оқу-ағарту ісі, мұғалімдер курсы, жоғары педагогикалық білім, мерзімді басылымдар, білім беру үдерісі, рухани жаңғыру, педтехникум, саяси қуғын-сүргін.

**Қ.М. Шекербеков** \*1

<sup>1</sup>Докторант Южно-Казахстанского педагогического университета имени Озбекали Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: [kuandykbashar@gmail.com](mailto:kuandykbashar@gmail.com)

## ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ШЫМКЕНТСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕДЖА И ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

### Аннотация

В статье проведен анализ сложных и противоречивых условий подготовки педагогических кадров, становления и развития национальных школ в Советском

Казахстане в 20-30-е годы XX века. Также предметно изучена история становления и особенности развития, процесс обучения и развития Шымкентского педтехникума, внесшего свой вклад в развитие советской системы образования в городе Шымкент, в вопросе подготовки национальных педагогических кадров.

Общими трудностями в организации и проведении учебно-методической работы национальных школ явились плохое и малообеспеченность учебно-методического комплекса и недостаточная учебно-материальная база, и нехватка национальных педагогических кадров в обучении учащихся на родном языке.

В статье авторы указывают на плюсы и минусы советского образования в открытии и становлении национальных учебных заведений Туркестанской АССР в годы после установления советской власти в Казахстане.

Исследователи, опираясь на материалы Государственного архива Туркестанской области, проводят анализ развития учебно-просветительской деятельности в Шымкенте, ее системы образования и опыта обучения, уделяют особое внимание судьбе выдающихся личностей нации, таких как Жусупбек Аймауытов, Сеилбек Усенов, которые работали в педтехникуме, их педагогическим суждениям, плодотворным трудам, которые как правило, хранятся в архивных фондах образовательных учреждений региона того периода.

В качестве важных источников используются также архивные документы о руководителях, педагогах этих учебных заведений из материалов газеты «Ақ жол» – авторитетного периодического издания того же периода в контексте педтехникума города Шымкент, труды национальной интеллигенции по проблемам национальных школ и их решению в 1920-1930-е годы.

**Ключевые слова:** учебно-просветительское дело, курсы учителей, высшее педагогическое образование, периодические издания, образовательный процесс, духовное возрождение, педтехникум, политические репрессии.

**K.M. Shekerbekov** <sup>\*1</sup>

<sup>1</sup>*Doctoral student of the South Kazakhstan Pedagogical University named after OzbekaliZhanibekov, Shymkent, Republic of Kazakhstan*

*E-mail: [kuandykbashar@gmail.com](mailto:kuandykbashar@gmail.com)*

## **HISTORY OF THE FORMATION OF SHYMKENT PEDAGOGICAL COLLEGE AND PROBLEMS OF TRAINING NATIONAL TEACHING STAFF**

### *Annotation*

The article will analyze the complex and contradictory conditions of teacher training and the formation and development of national schools in Soviet Kazakhstan in the 20-30s of the twentieth century. The history of the formation and features of the development, the learning process and the development of the Shymkent Pedagogical College, which contributed to the development of the Soviet education system in Shymkent, in the issue of "training national pedagogical personnel", will also be studied.

The general difficulties in organizing and conducting the educational and methodological work of national schools were the poor and low-income educational and methodological complex, the insufficient educational and material base and the lack of national teaching staff in teaching students in their native language.

In the article, the authors points out the pros and cons of Soviet education in the opening and establishment of national educational institutions of the Turkestan ASSR in the years after the establishment of Soviet power in Kazakhstan.

The researchers, based on the materials of the State Archive of the Turkestan region, analyzes the development of educational activities in Shymkent, its education system and learning experience, pays special attention to the fate of prominent personalities of the nation, such as Zhusupbek Aimaurov, Seilbek Usenov, who worked at the pedagogical college, their pedagogical

judgments, fruitful works and, as a rule, are kept in the archival funds of educational institutions of the region of that period.

Archival documents about the heads and teachers of these educational institutions from the materials of the newspaper "Ak Zhol", an authoritative periodical of the same period in the context of the Shymkent Pedagogical College, and the works of the national intelligentsia on the problems of national schools and their solutions in the 1920s and 1930s are also used as important sources.

**Keywords:** educational and educational work, teacher courses, higher pedagogical education, periodicals, educational process, rukhani zhangyru, pedagogical college, political repression.

**Кіріспе.** Білім беру жүйесінің тарихы – төл тарихымыздың бір саласы және тарих ғылымының дамуымен тығыз байланысты. Білім беру саласы барлық уақытта да кез келген этнос үшін этникалық тұтастықты сақтау құралы болған. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қалыптасқан білім беру мазмұнындағы ұлттық педагогикалық кадрлар және этнос мәдениетінің ұлттық ерекшелігін сақтау мәселесін шешу жолындағы шығармашылық ізденістер көптеген ғылыми қызығушылықты тудырды.

Бүгінде еліміздің ең ірі мегаполистерінің біріне айналған Шымкент қаласының білім беру жүйесі, әсіресе кеңестік кезеңнің 1920-1930 жылдардағы білім мәселесі – маңызы бөлек, аз зерделенген тақырыптардың бірі. Оңтүстік өңірдің білім жүйесі бағытында біршама зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен, әлі де ғылыми айналымға түспеген архивқұжаттары аз емес.

1920-1930 жылдардағы Шымкент өңіріндегі педагогикалық кадрлар мәселесі – Қазақстандағы білім беру жүйесін қалыптастыру кезеңінің күрделі әрі маңызды бөлігі. Бұл кезеңде елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістермен қатар, мұғалімдер жетіспеушілігі, ұлттық кадрлар даярлау, сауатсыздықты жою мәселелері ерекше өзектілікке ие болды. Кеңестік білім беру ісінің Қазақстанда жүргізілген саясаты мен оқыту ерекшеліктері туралы біржақты хабардар болғанымызбен, Шымкент қаласының оқу-ағарту жүйесі, соның ішінде ұлттық педагогикалық кадрлар даярлау мәселесінің шешімі болған педтехникумда кімдердің еселі еңбек еткенінен хабарсызбыз.

Сол себепті де бұл еңбекте XX ғасырдың 20-30 жылдарында ұлттық мектептердің құрылуына үлкен үлестерін қосқан ұлт интеллигенцияларының еңбектері және Шымкенттегі педагогикалық техникумының қалыптасу тарихы, оның даму үдерісіне септескен ұлт серекелері жайлы сөз етпекпіз. Сондықтан да болса, өңір архивтеріндегі деректер бойынша осы іргелі білім ошағының өсу ерекшеліктеріне тоқталуға талпындық.

**Зерттеу мақсаты:** Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлттық мектептің дамуы мен ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау мәселелеріне ғылыми зерттеу барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелерді анықтау; XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік кезеңдегі Шымкент қаласы мен өңірдегі жетекші оқу орындары, соның ішінде кәсіби педтехникумның даму үдерісіне мұрағат материалдарына сүйене отырып талдау жасау; Шымкент педтехникумының білім беру тарихы мен ұлттық интеллигенция ролі және педагогикалық кадрлардың оқыту тәжірибесін таразылау. Осыған байланысты зерттеу жұмысының алдына қойылған міндеттері төмендегідей болады:

- Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдардағы кеңестік білім берудің ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсету;
- Оңтүстік өңірінде ашылған алғашқы педтехникалық оқу орнының тарихы мен даму динамикасына және оқыту ерекшеліктеріне тоқтала отырып, талдау жасау;
- 1920-1930 жылдары Шымкентте ірге көтерген білім ордаларына қатысты мұрағат материалдарының маңыздылығын талдау;
- Шымкент педтехникумының қалыптасудағы ұлттық интеллигенцияның ролін саралау.

**Зерттеу әдістемесі:** Бұл зерттеудің әдіснамасы жалпы, жеке және жеке философиялық принципінен, әдіснамалық тәсілдер принциптерінен (жүйелік-құрылымдық, логикалық –

тарихи, этномәдени, көпмәдениеттілік) және тарихи – педагогикалық зерттеудің жетекші принциптері (объективтілік, логикалық және тарихи шынайылық) негізінде құралған. Тарих ғылымдарында кеңінен пайдаланылатын тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалар зерттеу жұмысының архив құжаттары мен деректік маңызы бар еңбектер негізінде салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Этнодидактикалық тәсілді біздің мәселеміздің мәтінінде этникалық құрамдас құндылықтарды тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына бағдарлау қағидасын жүзеге асыру аясында мүмкін болады. Зерттеушілердің еңбектері мен мұрағат материалдары осы тақырыптағы зерттеулердің деректік негізін құрады.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша тарихи-педагогикалық, философиялық, мәдениеттанулық, этнологиялық ғылымдардың концепцияларына жүйелік-құрылымдық, феноменологиялық талдау, аналогия және жалпылау әдістері, жіктеу, мұрағаттық құжаттарды, тарихи дереккөздер мен университеттердің оқу-әдістемелік құжаттарын талдау және т.б. қолданылды.

Қазақстандағы педагогикалық оқыту ұлттық тәрбиенің тарихы жылдар бойы зерттеушілердің ғылыми назарында болды.

**Зерттеу жұмысының нәтижелері.** Қазан төңкерісінен кейін Кеңес үкіметінің сауатсыздықты жою ісі тек империяның еуропалық бөлігінде ғана емес, барлық бөлігінде жүргенін оқу орындары мен білім беру мекемелерінің ашылуымен көруге болады.

Қазан революциясына дейін қазақ даласында өз жұмысын жалғастырып келген білім беру мекемелерінің жұмысына сенімсіздік танытып, оларды діни астары басым оқу орындары деп бағалады. Зайырлы білім беру жүйесін енгізу мақсатында білім беру саласын түбегейлі өзгерістерге әкелген реформалар жүргізіп, арнайы қаулылар қабылдады. Зайырлы білім беру жүйесінің енгізілуі қоғам дамуын белсенді ете түсті. Алдымен халық ағарту ісі бойынша мемлекеттік комиссия құрылып, кейіннен Ағарту халық комиссариаты деп аталды. 1917 жылы мемлекеттік комиссияның жариялаған «Халыққа үндеуінде» зайырлы білім беру жүйесіне көшу, тегін білім беру сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Кеңестік саясат білім беру ісінде де жүзеге асырыла бастады.

1918 жылдың 30 қыргүйегінде Орталық атқару комитеттің «Бірыңғай еңбек мектептері туралы» қаулысы қабылданып, екісатылы білім беру 3 жүйесі енгізілді. Патша өкіметі тұсындағы білім беру мекемелері діни конфессионалды деп танылғандықтан, мектептерді шіркеуден бөлу туралы қаулылар қабылданды. Ұлдармен қатар қыздарды да білім үдерісіне тарту ісі басталды. 1919 жылдың 31 қазанында «Аз ұлттардың мектептері туралы» қаулы қабылданды. Қазақ халқының шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін ескеріп, мектеп-интернат жүйелері іске қосылды. Білім беру ісі толықтай мемлекет тарапынан қаржыландырылып, туындаған алғашқы жылдардағы қиындықтарды еңсерудің нақты шаралары жүзеге асты. Бастапқы кезеңдегі кедергілер мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі, мұғалімдердің аздығы немесе мұғалімдер біліктілігінің төмендігі, қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы және тағы да басқа мәселелермен тығыз байланысты болды [1.4].

Қазақстандағы көпұлтты білім берудің бастауы РКФСР Халық ағарту комиссариатының 1918 жылғы 31 қазандағы «Аз ұлттарға арналған мектептер туралы» қаулысымен қаланды. Барлық ұлттарға өз ана тілінде мектеп, жоғары оқу орындарын ашу құқығы берілді [2].

Сонымен қатар орыс-татар, орыс-қазақ, орыс-өзбек, орыс-неміс, қазақ-татар, қазақ-өзбек сияқты екі тілде оқытатын көптеген мектептер болды.

Ұлттық мектептердегі білім беру мазмұнындағы этникалық құрамдас бөлікке ана тілінен басқа, оқытылатын халықтың тарихы, географиясы, мәдениеті және басқа да ерекшеліктері кірді [3]. Мектептегі әр түрлі пәндерді оқу барысында өлкетану материалы әртүрлі мектеп пәндерін оқу үдерісінде белсенді түрде пайдаланылды. Халықтық педагогиканың элементтері білім мазмұнын байытып, оқушылардың этникалық

тұлғасының қалыптасуына ықпал етті. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Қазақстандағы ұлттық мектептердің динамикалық қалыптасуы мен дамуы республикадағы халыққа білім беру жүйесінің күрделі және қарама-қайшылықты ұйымдастыру жағдайында болды [4]. Ұлттық мектептерді ұйымдастыру мен қызметіндегі жалпы қиындықтар оқушылардың ана тілінде оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің әлсіздігі, оқу-материалдық базаның аздығы және ұлттық педагогикалық кадрлардың өткір тапшылығы болды. Мұндай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл КСРО аумағында болды. Ұлттық мектептерді салу жөніндегі Лениндік ұлт саясатын жүзеге асыруда орталықтың директивалары мен ережелерін жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып мүлтіксіз орындау басты ұстаным болды.

Ұлттық мектептердің сауатсыздықты жоюда және ана тілінде оқытуда қол жеткізген барлық жетістіктеріне қарамастан, ұлттық мектептердің қызметіндегі «іргелі олқылықтың» ең маңызды себептері мыналар болды: «олардың жергілікті мамандардың жеткіліксіз болуы; халық мұғалімдерінің едәуір бөлігінің педагогикалық біліктілігінің әлсіздігі, ұлттық мектептің коммунистік үлгідегі оқулықтармен, оқушылардың ана тілдеріндегі оқу-әдістемелік құралдарымен және бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттермен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі еді» [5].

Ұлттық мектептер жұмысындағы кемшіліктерді жою жолындағы күреспен қатар оларға, әсіресе, коммунистік идеологияландыру мен оқу мазмұнын политехникаландыруға қатысты қатаң талаптар қойылды. Осы жағдайларда жоғары педагогикалық білім беру мазмұнындағы этникалық компоненттің қалыптасуы мен дамуы ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау мәселесімен тығыз байланысты. Қазақстандағы ұлттық педагогикалық училищелер желісі ұйғыр, кәріс, украин, неміс, өзбек ұлттарына арналған жеті оқу орны болды. 1931 жылғы 15-19 тамыздағы «Қазақ Халық Ағарту Комиссариаты Комитетінің есеп беруі туралы» қаулысында Қазақ АКСР ұлттарына қызмет көрсету жұмысының айтарлықтай жақсарғаны айтылды.

Құрамына Сырдария мен Жетісу облыстары кірген Түркістан АКСР-гі мектептердің санының өсуіне байланысты мұнда білім беретін мұғалімдерге деген сұраныста арта түсті. Осы жағдайды ескерген Түркістан АКСР-нің оқу-ағарту комиссариаты 1918 жылдың 10 шілдесінде «Қысқартылған, жедел оқытатын тегін педагогикалық курстар» ашу туралы шешімі шығарды [6.209]. Курстың алдына қойған басты талабы ең мықты түркі тілдес мұғалімдерін даярлап шығару болды, өйткені Түркістан республикасының басым көпшілігін құрайтын халықтар ретінде білімділік аса маңызды болғаны белгілі.

1918 жылы 13 қыркүйекте Түркістан АКСР оқу-ағарту комиссары қарарымен бұрынғы әскери гимназия мекен жайында орыс педагогика училищесінің жанынан қазақ педагогика курсы ұйымдастырылды, бұл курста оқытушылар дайындау мақсатымен 1918 жылдың қыркүйегінен 1919 жылдың маусымына дейінгі мұғалімдер даярланды. Қазақ педагогика курсының оқу жоспарын бағдарламасын түзетуде және Жалпы ұйымдастыру жұмысына тікелей көмек көрсеткен Тұрар Рысқұловтың шақыруымен Ферғана облысындағы қызметін тастап Ташкентке келген Нәзір Төреқұлов болды. Оның басшылығымен педагогика курсының негізі қаланды. Оқу ісіне жетекшілік қылған және орыс тілінен сабақ берген Иса Тоқтыбаев еді. Алғашқы оқытушылары С.Қожанов ана тілінен, Тәңірходжа Ходжанов тарихтан, Хамриддин Болғанбаев география және биологиядан, Фазыл Култаев математикадан, Егемберді Тоғамбаев дене шынықтырудан, Райхан Лапина бейнелеуден, Джағфар Лапин тәрбиеші, Ш.Сарыбаев ана тілінен сабақ берді. Олардың көпшілігі көп жылдық оқытушылық тәжірибеге ие болған, жастарға білім мен өнегелі тәрбие беріп келе жатқан педагогтар еді. Бұл алғашқы қазақ педагогика ұясына Түркістанның барлық жерінен оқуға ынталы жастар келе бастады.

Сырдария облысының сегіз уездіне қарысты болыстарынан, әсіресе ең үлкен Ташкент уезінің 45 болысынан Қазығұрт, Шарапхана, Ақжар, Манкент т.б. көптеген жастар келді.

Бұл ең алдымен, халықтың білім алуға деген ұмтылысының нәтижесі еді. Алғашқы кезде оқу құралдары, керекті жабдықтар жетіспеуіне қарамастан қазақ педагогика курсына

болашақ оқытушылардың ғылыми негізде білім алуына жағдай жасалды. Нәтижеде бес айлық курстың алғашқы түлектері шыға бастады. 1919 жылдың басында Омар Тоқтыбаев, Кәрім Ахмедов, Шыныбай Беркінбаевтарға куәлік қағаздары беріліп, оларды қазақ бастауыш мектептеріне сабақ беруге аттандырды. Педагогика курсын бітіргендерден Ташкент қаласының өзінде қазақтың екі мектебін қамқор махаласы мен Орталық базар жанында ашты.

Түркістан АКСР көлемінде ұйымдастырылған педагогикалық курстар 1920 жылы өзіндік мұғалімдер даярлап шығаруға үлкен үлестер қосты.

1920 жылы Ташкенттегі қазақ педагогикалық курсын 93 адам, өзбек курсында 144 адам, Әндіжандағы еуропалық курстарда 42 адам, Қазалыдағы курстарда 100 адам, Верныйдағы қазақ курстарында 45, орыс курстарында 39 адам, Шымкенттегі педагогикалық курстарда 122 адам бітіріп шықты. Ташкент қаласындағы қазақ педагогикалық курсында оқыған 223 адамның ішінде 24 оқушы ең үздік деп танылып Сырдария, Жетісу облыстарында мұғалімдік қызметке жіберілді [7.227].

Педагогикалық курстарды бітіргендердің барлығы бірдей педагогикалық талаптарға жауап бере алмады және ІІ сатылы мектептерде сабақ беретін мұғалімдер жетіспеушілігі сезіліп тұрды.

1920 жылы 19 ақпанында ІІ – сатылы мектептерге мұғалімдер даярлау үшін «курстарда 6 айдан – 12 айға шейін оқыту туралы, Түркістан АКСР оқу-ағарту комиссарының міндетін атқарушы Биликтің шешімі шықты.

1920 жылы 1 наурызында ашылған бұл курста мынандай пәндер оқытылды.

1. Педагогика және физиологиялық даму ерекшеліктері.
2. Жас ерекшелік психология
3. Мектепте еңбек сабағын оқытудың әдістері
4. Мәдениет тарихы
5. Мектеп гигиенасы
6. Мектеп ережелері
7. Азаматтарды сауаттандыру
8. Түркістан экономикасы
9. Түркістан географиясы
10. Түркістан тарихы

Курста мерекелік күндерден басқа уақыттың барлығында күніне 6 сағат білім берілді, яғни 6 айда 900 сағат білім бере отырып, жедел әрі білімді, білікті кадрлар даярланды. Осы курсты алғашқылардың бірі болып бітірген Ш.Белгібаев кейін Сырдария облысы оқу ағарту комиссариатының білікті маманы болып қызмет атқарды [8].

Қазақ педагогика курсы негізінде 1919 жылдың 1 шілде айында Қазақ педагогикалық училищесінің шаңырағы көтерілді. Оның түп мақсаты елдің алдында міндетті бастауыш оқуды енгізу қажеттігін іске асыру еді. 1919 жылы қыркүйекте училищелердің оқушылары сұрыпталынып үлкен талапқа сай келетін ана тілінен сабақ беретін Шамгелді Сарыбаев, көрнекті дәрігер ғалым Х.Досмұхамедов сияқты ұстаздармен толықтырылды. Түркістан өлкесінен тәжірибелі ұстаздар шақыртылды. Перовский қаласынан Ыбырай Қасымов, Омар Жангелдиев, Әбдірахман Мұнатбаев, Қызылордадан Тоббай Кулкекемов, Мадина Қасымова, Ферғанадан Айша Оразбаева, Шымкенттен Фатима Үмбетовалар келді.

Жалпы оқытушылар саны 53 жетті. Оқу орнының меңгерушісі Иса Тоқтыбаев болды. Қазақ педагогикалық училищесін ұйымдастырушылардың бірі 27 жастағы қазақтың біртуар азаматы Сұлтанбек Қожанов оқу істерін күшейту мақсатында әйелі Гүлдана мен 1919 жылдың 15 тамызында Түркістан қаласына кетті. 1919 жылдың 25 қазан айында Түркістан АКСР Орталық Атқару комитетінің шешіміне сәйкес Қазақ педагогикалық училищесіне сол кезде Түркістан АКСР егіншілік комиссариаты орналасқан А.Пушкин мен Хиуа көшесінің қиылысындағы үйді алып берді. Қаланың дәл ортасында орналасқан оқу орнының абыройы биіктей түсті. Заман талабына сай оқытушыларға деген қажеттіліктің бір тамшы судай

мейлінше өсіп тұрған кезінде бұл істің маңызы аса зор еді. Сондықтан сабақтың өз дәрежесінде жүруі үшін көптеген шаралар қолданылды.

Ана тілінен сабақ берген Шамгелді Сарыбаевтың сабақтары түрлі әдіс тәсілдермен қиуластырып өткізілуі училищеде оқитын жастардың болашақ мұғалім ретінде оқушыларға ана тілін оқытуда ұстаздары Ш.Сарыбаевтың әдістеріне сала отырып сусындатуға жол ашылды. Бір Ш.Сарыбаевтың ғана емес көптеген мұғалімдер жаңа мектептерде жаңа методологиялық оқыту тәсілдерін ұлттық ерекшеліктермен, қазақы дәстүрмен ұштастыра оқытты.

1920 жылдың басында мұғалімдерді даярлау техникумдары мен училищелері көптеп бой көтере бастады. Бұл мектептердің санының өсуімен педагог кадрларға деген сұраныстың артуы еді.

1920 жылы Түркістан АКСР-де 7 педагогикалық училище жұмыс жасады. Олардың ішінде 1920 жылы ашылған Шымкенттегі қазақ педагогикалық училищесі болды.

Түркістан АКСР – 1920-1923 жылдардағы Сырдария және Жетісу облыстарындағы педагогикалық техникумдар мен училищелер және оқушылар мен оқытушылардың саны туралы мұрағат мәліметтерінде Сырдария облысы бойынша: Шымкент қаласындағы Қазақ педагогикалық училищесі оқушылар саны 100, оқытушы саны -18 деп көрсетіледі [9.282].

1920 жылдары Кеңестік биліктің орнығуымен жаңа қоғамдық жүйе құрылды. Бұл өзгерістер білім беру саласына да әсер етті. Білім беру кеңестік идеологияға бейімделе бастады, ал мұғалімдер сол идеологияны тарату құралы ретінде қарастырылды. Шымкент қаласы (ол кезде Түркістан АКСР-і құрамында) – оңтүстік өңірдегі ірі мәдени және саяси орталықтардың бірі болды.

Шымкент қаласындағы А.С. Пушкин атындағы №10 үйінде орналасқан педагогикалық техникум ресми түрде 1920 жылдың 20 қыркүйегінде ашылды. Сол жылдың 5-ші мамыры мен 2-ші қыркүйегі аралығында Шымкент қаласында қазақ педагогикалық курстары өз жұмысын бастағанымен, кейбір мұғалімдерінің бұл міндетке толыққанды сай еместігі тексеру комиссиясының қорытындысында анықталып, губерниялық білім басшылығы олармен бірлесе жұмыс жүргізуден үзілді – кесілді бас тартады. Сондай-ақ бастапқыда материалдық – техникалық базаның жұтаңдығы, оқу ғимаратының сай келмеуі, сапалы педагогикалық ұжымның болмауынан сапалы білім беруде маңызды рөл атқаратын тәжірибелі мамандарды басқа өңірлерден шақыруға мәжбүрлейді [10].

Кеңес үкіметі қалыптасып, біршама даму жолына түскеннен кейін, басқа аймақтармен бірге Шымкент қаласында да іргелі оқу орындарын дамыту басты мақсатқа айналды. Оңтүстік Қазақстанда да оқу ісіне баса көңіл бөлініп, Алаш зиялылары да, революцияшыл қайраткерлері де білім саласына қалтқысыз қызмет етті. Нақтылы статистикалық деректерді сөйлетер болсақ, 1919 жылы Шымкенттегі орта білім орындары жайлы өңірлік мұрағатта мынадай деректер сақталған [11].

1919 жылы ашылған мектептерде оқу бағдарламасына айтарлықтай толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, «Біріңғай еңбек мектебі туралы» ережеге сай сол жылдан бастап мектептер екі басқышпен білім берді. Бірінші басқышта бес жылдық курс оқытылып, онда 8-13 жас аралығындағы балалар білім алды. Одан бөлек ликбез сабақтары арқылы өлкеміздегі оқып, жаза алмайтын 17 мен 50 жас аралығындағылармен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Негізінен жоғарыдағы бұл тізімдерде сол кезеңдегі барлық орта білім ордаларының тізімі, олардың оқушылар мен мұғалімдер саны берілгенімен, жоғары оқу орындары, берудің өңірдегі үздігі іспетті педтехникумдар жайлы мәліметтер келтірілмейді. Шындығында 1918 жылы Түркістан Республикасы Халық ағарту комитетінің пәрменімен барлық мектептерде білім алу тегін бола бастағаннан соң білімге құштар жастардың қатары артқаны да күмәнсіз.

Кешкі мектепте, бірер жылдық курстарда оқуға ниет білдірген оқушылар қатары да көбейе түскен. Тіпті 1919 жылдың 28 мамырында Қырғыз өлкелік мұғалімдер курсына бастауыш қырғыз мектептерінің мұғалім-меңгерушісі мамандығымен Бердібек Байтұрсынов, Иса Ахметов, Жүнісбек Қойбеков, Жүсіп Досов, Әбила Жұмағұлов, Серғали

Жанғалинов, Ғани Мұратбаев, Жаббарқұл Сейітжапбаров, Нұғыман Сәрсенбаев, Райымбек Айтжанов, Табын Есембеков, Шолпанқұл Бахтаев, Мұхамед-Сейіт Егембаев, Ақбана Наурызбаев, Абдулла Төлегенов, Сапарқұл Қожамқұлов, Хафиз Тоқташев, Мәуленқұл Байзақов, Асфандияр Жанкин, Құрбанәлі Қаржауов, Муллахмет Ақшолақов, Сәдуақас Мәмбеевтер тәмамдаған соң да өлкеде мұғалімдер институтының қажеттігі қатты біліне бастады. Институт міндетін өз мойнына алған Шымкент педтехникумы да 1925 жылдарға қарай өте жемісті жұмыс жүргізді.

Ал 1920 жылы Түркістан Халық ағарту бөлімі кейбір интернаттарды коммуна мектептеріне айналдырып, мұғалімдерді курстарға білімін жетілдіруге де ұдайы жіберіп, Түркістан халықтарына арналған орыс тілінде білім беретін К. А. Тимирязев атындағы халық ағарту институтының, қырғыз, өзбек, татар халық ағарту институттарының жұмысын жүйелеу қолға алынды. Сондай-ақ 1921 жылы Халық оқу-ағарту бөлімі коллегиясының №33 хаттамасына орай Шымкент уезіндегі өзбектердің көп болуына байланысты өзбек педагогикалық техникумы да ашылып, жаңа білім ордасы өз жұмысын бастады. Осы кезеңде Шымкент қазақ педтехникумы жайлы мақалалар баспасөзде де жиі басылып, әсіресе Ташкент қаласында шыққан «Ақ жол» газетінде көптеп жарық көрді. Мәселен, 1923 жылы 11 шілдеде газет ақпаратына қарағанда Қоқанда ұлы мешітте шаһар мұсылмандарының үлкен жиылысы болып, онда Қыдыралиев һәм Қожанов, Дадабаев жолдастар саясат һәм шаруа ахуалынан баяндама оқып, жиналған жұрттың көңілі көтеріліп, разы болып тарқаған. Сол күні Қыдыралиев, Қожанов, Дадабаевтар педтехникумға һәм жолдас Калининнің атына ашылған интернаттарға барып, балалардың ахуалын, оқуларын сұрап, көңілдерін көтеріп, әртүрлі сыйлық беріпті [12]. Ал сол жылдың 2 тамызында Шымкентте Мұхамеджан Тынышбаев қазақ педтехникумында қырғыз-қазақ тарихынан тақырыптық лекция оқиды. Жергілікті хүкіметтен һәм жұрттан көп адам лекция тыңдамаққа жиналып, жұрт разы болып тарқасады [13]. Былайша айтқанда, жыл санап педтехникумның салмағы да артып, ондағы білім деңгейі де көтерілі түседі. Оған мына мақала дәлел. Аталмыш газеттің 1924 жылғы бір санында Б. Будафин деген курс басқарушысы «Міндетті атқара білу керек» атты көкейкесті мақаласында:

«Үйездегі бастауыш мектептер мұғалімдерінің білімін толықтыру үшін ашылған 3 айлық курстың оқуы 14 август айында бітті. Курста 60 оқушы болып еді. Бұлардың 10 Әулиеата, 12 Шымкент, 5 Түркістан, 15 Ташкент, 3 Мырзашөл, 8 Қазалы, 6 Ақмешіт үйезінен келіп, 8 татар 9 мұғалім болып көрмегендер 4 әйел, 2 қазақ, 2 татар еді.

Оқылған сабақтар: саяси сауаттық, ана тілі, есеп, орыс тілі, табиғаттану, туған жер, оқыту әдісі. Бұлардан басқа әртүрлі ғылыми-саяси істермен жатықтырылды. Әсіресе, педагогиканың қазіргі жолы һәм үйрету әдісімен көбірек таныстырылды.

Сыннан өтіп, мұғалімдік қағазын алғандар – 17»[14],- деп бұл курсты тәмамдаған 17 мұғалімнің дарияға талқан да болмайтынын атап көрсетіп, қалғандарының толығырақ білім алып, мұғалім болып шығулары үшін Ташкент оқу бөлімі тарапынан ашылатын 3 жылдық мұғалімдер курсы мен Шымкенттегі педтехникумға жіберілгенін жеткізеді. Осыдан да біздіңше Шымкент педтехникумының білім бәсекесінде бәсі болғанын байқауға болады. Ал 1925 жылға қарай Шымкентте Сырдария губерниясындағы жергілікті халықтар балалары үшін жақында орта дәрежелі шаруа мектебі ашылды. Бұл мектеп Шымкенттегі ертерек ашылған мұғалім даярлайтын педтехникум мен шаруа мектебін бір жерден біріктіріп ашудағы мақсат: бірінші, педтехникумда оқу тәртібін сол кездегі қолданылып отырған оқу әдісіне бағындыру болатын. Осыған байланыты «Ақ жол» бетінде оқу-ағарту ісіне қатысты біраз жайдың бетін ашқан Абдолла атты автор:

«Қазіргі екінші басқыш мектепті бітірген оқушылар ауыл-қала тұрмыстарының шаруасына пайдалы білімдерді біліп шығуы керек. Егіншілік кәсібіне жаттығу, бақшашылық, малшылық кәсіптерін қалайша жүргізу туралы ұғым алу, кооперация ісін жүргізе білу, ұсталық, тігіншілік сықылды ауыл-қала халқына қолданатын өнерлерін үйретіп шығуы керек. Әсілі, ел шаруасы күшті жүргізілетін жерлерде екінші басқыш мектепті бітірген оқушылар ел шаруасына шын мағынасында көсемдік қылуға жарарлық

болсын дейді. Педтехникумнің шаруа мектебімен қосылғандағы мақсаты оқушыларды бір жағынан оқытушылыққа дайындаса, екінші жақтан елдің шаруасын жүргізуге елге шын пайдалы адам қылып шығаруға дайындау.

Шымкент педтехникумы осы мақсатпен жаңа ашылған шаруа мектебін өзіне қосып алып отыр. Шынында педтехникумды бітірген мұғалімдер кілең әліппе мен есеп оқытуды ғана жаттап шықпай, ел шаруасын ғылым жолымен жүргізу жолына жаттығып шығуы ең бірінші міндет. Мұғалімнің осылай білім алып шығуын қазіргі кездегі Мәскеу білім кеңесінің програмы да қолданып отыр. Қазақ ішінде ашылған педтехникум мұғалім даярлайтын институттар әлі ойдағыдай болып төселіп кете алмай отыр. Тұрмысқа керек, шаруаға жаттықпаған, еңбекке үйренбеген, сылдыр сөз жаттап шыққан мұғалімдер оқушыларға жемісті білім бере алмайды. Қазаққа ашылған педтехникумдар да, институттар да оқушыларға білім беру жолы еңбекке негізделуі керек»[15],- деп өз сын-ескертпесін, ұсыныс-пікірін байыппен айтып, Шымкент педтехникумының бастығы Шыналы жолдастың педтехникумға шаруа білімінде кіргізу керек деген пікірді қолданып шаруа мектебі мен педтехникумды біріктіріп жүргізіп отыруға талабы барлығын қолдайтынын да ашық жеткізеді.

Жемісті жұмыстың нәтижесі сол, Шымкенттегі педтехникум мектебінің жоғарғы класында оқушы балалар түске шейін өз сабағын оқып, түстен соң барып келіп оқытатын болып, сондағы бастауыш мектептерге оқытушылыққа дайындалады. Мұндағы мақсат: осы бастан балаларды оқытушылық істеріне ысылдырып тәжірибе көрсете білу екендігін ондағы мамандар да мерзімді басылымдарды жиі жариялап отырған. Осыдан соң-ақ жер-жердегі, ауыл-аймақтардағы мектептерден түлеп ұшқан жастардың Шымкент педтехникумында білім алуға құштарлығы арта түскен. Айталық, оқуы да, істері де жақсы Ташкент үйезі Луначар поселкесіндегі №3 үлкендер мектебі оқушыларының барлығы да кедей, батырақ балалары болған екен. Барлық саны 70. Бәрінің де оқулары жақсы болғандықтан №3,4 бөлім балаларды Шымкенттегі педтехникумға жібермек болған.

«Мұғалімдер жоғарғы бөлім балаларын бірінші бөлімдегі кішкене балаларға кіргізіп сабақ бергізіп келеді. Мұндағы оқушылар арасында жастар ұйымы, қосшылар ячейкесі бар. Жастар ұйымы мен қосшы ячейкесі тарапынан қол жазба жапсырмалы газет шығып тұрады. Газет екі жетіде бір шығады. Оқушылар клубы да бар. Клубтың жанында оқу үйі бар. Жоғарғы бөлім балалары түрлі кітап, газет журналдар оқып танысып тұрады.

Балалардың бұрын киім жағы нашар еді жақында түзелді. Ағарту бөлімі керекті киімдерінің бәрін де берді. Сөйтіп бұл мектептің оқуы, істері болсын бәрі де жақсы жүріп жатыр»[16],-деген «Тілші» материалын тәптіштеп оқыған педтехникум басшылығы да ол озат оқушыларды жеделдете қабылдаған.

Жалпы педтехникум оқытушылары да сол замандағы білім саласының үздіктері санатында еді. Олар мұғалімдікті ғана місе тұтпай, мектеп мәселесін де ұдайы көтеріп отырды. Мысалы Әбдікәрімов Нұрлыбек атты педтехникум оқытушысы «Ақ жолда» «Ағарту жабдығы» айдарымен шыққан «Мектеп жоғы еске алынсын» деген елеулі еңбегінде: «Шымкент үйезінде Қожанұлы атына ашылған мектеп бар. Бұл мектептің тұрмысы қазір де өте нашар. Хүкімет тарапынан қаражат жеткілікті түрде берілмейді. Тамақтары да артық бапты емес. Қыс мектептің отыны кем болғандықтан балалар суыққа тоңып, көп азап тартты. Соңғы кезде тұрмыстың нашарлығынан балалардың көбі ауыра бастады. Ауырған балаларды күтіп, ауруын зерттеп тұратын мектептің белгілі дәрігері жоқ. Мектепте оқитын балалардың бәрі де баспанасыз, қарасар қамқоры жоқ жетім балалар. Мектептің жайы бұл күйде тұрғанда, балалардан жемісті оқу күтуге болмайды. Балаларды босқа әуре қылғаннан да мектепті атымен жоқ қылып жабу керек. Болмаса, сүле ауруы бар адамның кебіне түсірмей түзеу керек»[17],-деп Шымкенттің үйездік бөлімі ашқан мектептің атына мәз болмай, мектеп тіршілігін жақсы жолға салуды ескертсе, педтехникумның өрістеп дамуына әсіресе өңірдің өрелі ағартушы-қаламгерлері Мұса Мылтықбаев, Сейілбек Үсенов, Тәңірберген Отарбаев, т.б. қатар кезінде осы білім ордасында озық оқытушы болған Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытов та сүбелі еңбек сіңірді.

Сәл ертеректе аштарға көмек беру комиссиясының қатарында болып, содан «аштарға бөлінген малды талан-таражға салды» деген айыппен сотқа сүйрелген қайраткер бұл жаладан да басын арашалап алып, сот алдында:

«Мені бұл жылуға жиған малдан мал алды, өзі пайда қылды деп айтушы көрінбейді, мені айыптайды өз бетімен тиіссіз жерге мал берді, малды шашты, құқығын білмей комиссияға мүше болып кірді деп айыптайды. Халық жылуға малының тәуірін берген жоқ. Арығын, қотырын, ақсағын, көбінесе осындайларды берді. Сол жылы Қарқаралы үйезінде мал ауруы көп болды. Малдың ауруы бірінен-біріне жұқты. Мал ауру болған соң, Қарқаралыдан мал қарайтын доктор әкеліп, малды егіп 20 күн карантин қылып жаттық. «Жүрейік» деп едік, палдың ауруы көтермеді. Жүруге жарамаған 150 сиырды айырбастап жүріп кеттік. 20 шақырымдай жүрген соң 700 сиыр жүре алмады.

Маған аш елге жіберген Нұралыұлының қызметін атқаруға тура келді. Егер жалпы жиылыста жауапты қызметкерлердің сайлауға құқы болса, мен айыпты бола алмаймын. Мені жалпы жиылыс сайлады. Мені өз бетімен мал үлестірді дегенге келсек, мен Торғайдың қандай адамдары бар екенін білмеймін. Торғайда мені жақынына тартып мал берді деуге болмайды», - деп жосықсыз жаладан өз басын арашалап алды да, жөндемді жұмыс табылмағанын өңір қайраткерлерінің арнайы шақыруымен Шымкентке тіке тартып, педтехникумға мұғалім болып орналасты. Бұдан өңірдің білім саласы ұтпаса ұтылған жоқ.

Дегенмен Аймауытовтың Шымкенттегі ағартушылығы хақында біршама қисынсыз пікір-байламдар да бар. Мысалы, зерттеуші Темірбек Қожакеев оны 1927-1929 жылдар аралығында Шымкент педтехникумының директоры болды дейді [18.422]. Белгілі ғалым С.Қирабаев та оның 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында жұмыс істеп, 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумына директор болғанын ескерте кетіпті [19.6].

Десе де бұл байлам бұрыс. Өйткені Жүсіпбек «Ақбілек» романын Шымкентте жазғанымен, оңтүстікке оқытушы болып келгенде оның кәсібилілігі мен тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті ерекше ескерілгенімен, оның Шымкент педтехникумын басқарғаны жайлы құжат өңір мұрағаттарынан табылмай отыр. Өйткені осы педтехникумдағы Жүсіпбектің қызметкер ретіндегі жеке іс парағында оның мұғалім болғандығы анық көрсетілген. Ал әр жылдардағы директор ретінде С.Садықбековтің, С.Үсеновтың қолдары тұр. Жалпы тізімдегі 14 педагогтың ішінде де Аймауытов педагогика пәнінің мұғалімі ретінде атап көрсетілген.

Сонымен қатар, 1926 жылдың 26 қазанында толтырылған мұрағаттық деректе де Ж.Аймауытов тағы да мұғалім ретінде көрсетілген. Бірақ Алаш арысы өз жұмысын мінсіз атқарғанға ұқсайды. Ешқандай дау-дамайға араласпаған. Тіпті 1927 жылдың қыркүйегінде директор С.Садықбековтың үстінен арыз түсіп, ұжымдағы ахуал нашарлап, орынбасары Шеменев, Байдюк, Жиембетов сияқты педтехникум мұғалімдері жұмыстан қуылғанда да, Ж.Аймауытовқа қатысты тек оң пікірлер білдірілген. Мұнан бөлек Шымкент педтехникумының директоры Нұрбековтің басшылығымен 1927 жылдың желтоқсанында өткен педагогикалық кеңестің шешімі жайындағы №6 хаттамада да Жүсіпбектің мұғалім болғандығы атап көрсетіледі [20]. Жалпы Қазақ педтехникумның іргесі қаланғалы бері бұл білім ордасын 1926 жылы 9 адам бітіріп шықса, 1927 жылы 18 адам білім алып шыққан.

Солдай десек те педтехникум оқытушыларын қудалау, саяси сүргінге ұшырату тым ерте басталды. Солардың алғашқысы - Жүсіпбектің жан аяспас досы, ағартушы, журналист, ақын Тәңірберген Отарбаев еді.

**Қорытынды.** Талқылانған дерек көздер мен материалдар бойынша ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау мен ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы қиыншылықтар сол кезеңдегі өткір мәселелердің негізі болғанын көрсетеді. Алайда басты кедергілерге қарамастан ұлттық интеллигенция бұхараға азат, жаңа қоғам құрудағы білім мен мәдениеттің әлеуметтік функцияларының ролі туралы түсінікті жеткізе алды. Социалистік құрылыстың принциптерін басшылыққа алған ұлттық интеллигенция ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға этникалық ерекшелікті енгізуге тырысты.

1920-1930 жылдардағы Шымкент қаласындағы педагогикалық кадрлар мәселесі – бүкіл Қазақстандағы білім беру саласының қалыптасу тарихының көрінісі. Қиындықтарға қарамастан, бұл кезеңде ұлттық педагогикалық кадрларды даярлаудың алғашқы қадамдары жасалды. Бұл мұғалімдер болашақ ұрпақтың сауатты, білімді болуына жол ашты. Қазіргі заманғы білім жүйесінің іргетасы сол кездерде қаланғаны сөзсіз.

Кеңестік кезеңдегі Шымкенттегі білім саласын байыппен талдау – көп уақыт пен еңбекті талап ететін маңызы бөлек іс. Демек, архив құжаттарын елеп-екшеуде де дәлдік керек. Өйткені достығы, әріптестігі талайға үлгі болған Жүсіпбек, Сейілбек, Тәңірбергендер педтехникумда ағарту саласына айтарлықтай мол үлес қосты. Анығы сол, бұл таутұлғаларымыздың рухани байланысының қалтарыс-бұлтарыстары, білім саласындағы жемісті жетістіктері әлі де болса терең зерделеуді керек қылады. Себебі біз білмейтін сыр әлі де көп.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар) - Алматы, 2022, - 320 бет. 4-бет.
2. Мухтарова Ш.М., Мусраунова А.С. Национальная школа и подготовка педагогических кадров в Казахстане (20-30-е гг. XX века) //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №2(66), 2020 г. стр. 61-69
3. Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар) Алматы, 2022, - 320 бет. 5-бет.
4. Мухтарова Ш.М. Этнокультурный компонент в истории образования Казахстана (20-30-е гг. XX века)//Педагогика. - 2006. 3. - с.70-77.
5. Мухтарова Ш.М.,Мусраунова А.С. Национальная школа и подготовка педагогических кадров в Казахстане ( 20-30-е гг. XX века)//Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №2(66), 2020 г. стр. 61-69
6. Культурное строительство в Туркестанской АССР. - Ташкент, 1973. I-том, стр.209
7. Культурное строительство в Туркестанской АССР. - Ташкент, 1973. I-том, стр.227
8. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1169-қор,2-тізбе,1-іс,4бет.
9. Культурное строительство в Туркестанской АССР. - Ташкент, 1973. I-том, стр.282
10. Әлібек С. «Оңтүстік жастарын сауаттандыруға үлес қосқан алаш арысы» // Шымкент келбеті,22 сәуір, 2022 жыл
11. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1169-қор, 12-тізбе, 12-іс, 1-7 нн.1.
12. «Ақ жол», №331. Сенбі, 28 июль, 1923 жыл.
13. «Ақ жол», №333. Бейсенбі, 2 август, 1923 жыл.
14. «Ақ жол», №471. Жексенбі, 17 август, 1924 жыл.
15. «Ақ жол», №537. Сенбі, 14 февраль, 1925 жыл.
16. «Ақ жол», №542. Жұма, 27 февраль, 1925 жыл.
17. « Ақ жол», №548. Бейсенбі , 12 март , 1925 жыл
18. Қожакеев Т. «Ұстаздық еткен жалықпас». // Бес арыс. –Алматы, 1992. -422 б.
19. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. –Алматы, 1990. 6 б.
20. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 147-қор, 1-тізбе. 33-іс, 149 н.

#### *References:*

1. Kazakstandagi oku-agartu zhuyesi: tarikh men tagylymy (1920-1930 zhyldar) - Almaty, 2022, - 320 bet. 4-bet.
2. Mukhtarova Sh.M., Musraunova A.S.Natcionalnaya shkola i podgotovka pedagogicheskikh kadrov v Kazakhstane (20-30-e gg. XX veka) // Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya "Pedagogicheskie nauki",№2(66), 2020g., str 61-69

3. *Kazakstandagi oku-agartu zhuyesi: tarikh men tagylymy (1920-1930 zhyldar)* - Almaty, 2022, - 320 bet. 5-bet].
4. Muhtarova Sh.M. *Etnokulturnyikomponent v istorii obrazovaniya Kazakhstana (20-30 -\*e gg. XX veka)* // *Pedagogika*. – 2006. 3 – s.70-77
5. Mukhtarova Sh.M., Musraunova A.S. *Natsionalnaya shkola i podgotovka pedagogicheskikh kadrov v Kazakhstane (20-30-e gg. XX veka)* // *Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya "Pedagogicheskie nauki"*, №2(66), 2020g., str 61-69.
6. *Kulturnoe stroitelstvo v Turkestanskoy ASSR*. – Tashkent, 1973.I-tom, str.209.
7. *Kulturnoe stroitelstvo v Turkestanskoy ASSR*. – Tashkent, 1973.I-tom, str.227.
8. *Turkistan obalstinin memlekettik archive. 1169-kor,2-tizbe,1-is,4bet.*
9. *Kulturnoe stroitelstvo v Turkestanskoy ASSR*. – Tashkent, 1973.I-tom, str.282.
10. Alibek S. *"Ontustik zhastaryn sauattandyruqa ules koskan alash arys"* // *Shymkent kelbeti*, 22 sauir, 2022.
11. *Turkistan obalstinin memlekettik archive. 1169-kor,12-tizbe,12-is,1-7pp.1.*
12. *"Ak Zhol"*, No. 331. *Senbi*, July 28, 1923
13. *"Ak Zhol"*, No. 333. *Beisenbi*, August 2, 1923
14. *"Ak Zhol"*, No. 471. *Zheksenbi*, August 17, 1924
15. *"Ak Zhol"*, No. 537. *Senbi*, February 14, 1925
16. *"Ak Zhol"*, No. 542. *Zhuma*, February 27, 1925
17. *"Ak Zhol"*, No. 548. *Beisenbi*, March 12, 1925
18. Kozhakeev T. *"Ustazdyk etken zhalykpas."* // *Bes arys*. – Almaty, 1992. -422 b
19. Kirabaev S. *Zhusipbek Aimauytov*. – Almaty, 1990. 6 b.
20. *Turkistan obalstinin memlekettik archive. 147-kor,1-tizbe,33-is,149p.*